

21 Қараша
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

20 МИЛЛИОНЫНШЫ ТҰРҒЫННЫҢ БІРІ ӘМІРЖАН СЕРІКТІҢ ОТБАСЫН ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ

ҚАЗАҚСТАНДА 20 МИЛЛИОНЫНШЫ ТҰРҒЫН ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ. СҮЙІНШІ ХАБАРДЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЕТКІЗДІ. «ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САНЫ 20 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ! БАРШАҢЫЗДЫ АҒЖОЛТАЙ ЖАҢАЛЫҚПЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН! БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – БАҚАУАТТЫ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ. МЕМЛЕКЕТ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУҒА, АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОРҒАУҒА БАСА МӨН БЕРЕДІ», - ДЕП ЖАЗДЫ ПРЕЗИДЕНТ.



Сол күні Ойыл аудандық ауруханасының перзентхана бөлімінде де бір сәби дүниеге есігін ашты. Бұл Көптоғай ауылдық округінде мал маманы болып еңбек ететін Әміржан Серіктің отбасын қуанышқа бөледі. Толғанай екеуінің төртінші бөпесі. Қыз бала. Атын Жұпар деп қойыпты. Еліміз бойынша сол күні дүниеге келген барлық сәбиге құрмет көрсетілді. Перзентханадан сәбиін құндақтап, көтеріп шыққан ананы аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев бастаған топ арнайы құттықтады. Салтанатты сәттен соң сәбиге аудан әкімі атынан сыйлық ұсынса, кәсіпкер

Гүлжамал Әліп жас ананың жұмысын жеңілдетсін деген ниетпен кір жуатын машинаны тарту етті. Ал, «Ақ әже» ансамблінің мүшесі Зоя Дауылбаева сәбидің анасына біздің жолымызды берсін деген ырыммен ақ жаулық тартты. Аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Нұрбану Арыстанова да сәбидің өмірге келуіне сеп болған дәрігерлер мен арнаулы мамандарға алғысын айтып, жас босанған анаға аурухана ұжымының атынан өздерінің сый-сияпаттарын ұсынды. Еске сала кетсек, 14 қарашада Қазақстан халқының саны 20 миллионға жетті. Бес бірдей нәресте

еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанды, - деп хабарлайды Ұлттық статистика бюросы ресми сайтында. Бюро мәліметінше, Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 2023 жылғы 14 қарашада таңғы сағат 8.10-да туған бес бала еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанғанын хабарлады. Олар Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келді. Нәрестелердің үшеуі ұл, екеуі қыз бала. Айта кетейік, 1991 жылы Қазақстанның халық саны 16,4 млн. адамды құрады. Тәуелсіздік жылдарында ел халқы 22,3% өсті. Мәселен, 2022 жылы

1991 жылмен салыстырғанда туу саны 353,2 мыңнан 403,9 мың адамға дейін немесе 14,7% өсті. Бала туудың ең жоғары мәні 2021 жылы тіркеліп, 446 мың баланы құрады. Табиғи өсімнің артуы, оның ішінде нәресте өлімінің азаюы нәтижесінде қамтамасыз етілді. Орташа өмір сүру ұзақтығы 1991 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 6,8 жылға өсті, бұл ретте ерлер арасында 7,7 жылға, әйелдерде – 6 жылға өсті. Осылайша, 2022 жылы Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы 74,4 жылды құрады. Бұл көрсеткіш пандемияға дейінгі деңгейден 1,3 жылға асады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Бұл – Ұлттық қордан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері туралы құжат. Осылайша, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлау алдындағы бағдарламасында көрсетілген негізгі бастаманың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» атты жобаны жүзеге асырудың заңнамалық негізі қалыптасты. Енді келесі жылдың 1 қаңтарынан

бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50 пайызы жас жеткіншектердің арнаулы есеп-шотына аударылады. Балалар көмелет жасына толған соң, бұл қаражатты тұрғын үй сатып алуға немесе білім алуға жұмсайды. Президент осы заңға халқымыздың саны 20 миллионға жеткен күні қол қойды. Мұның символдық мәні бар деуге болады.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БЕС ЖЫЛДЫҚ «ЖОЛ КАРТАСЫ» «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНДА

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНДАҒЫ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНДА «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ «ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ 2023-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ» ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ АУДАН ӘКІМІ АҚСАҚ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ. АУДАНЫ МӘСЛИХАТТАҒЫ ПАРТИЯНЫҢ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ Ж.ІЗГЕРЛИН ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН ЖИЫНҒА ОЙЫЛ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ С.ЗАЙМОЛДИН, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚІЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған Жол картасының Ойыл ауданы бойынша жүзеге асырылуы туралы аудан әкімі А.Қазыбаев баяндаса, аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділханов қосымша хабарлама жасады. Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділханов өз сөзінде «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған Жол картасының жүзеге асырылуы барысында Ойыл ауданы бойынша белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуде атқарылған жұмыстар және жауапты мемлекеттік мекеме басшыларының жауапкершілігі жөнінде атап өтті. Мәселен, «Жол картасының» 1-пунктінде көрсетілген Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы шеңберінде кәсіпкерлік жобаларды жыл сайын қаржылай қолдау көрсеткіші бойынша Ойыл ауданына 5 жоба қаржыланған болса, оның қазіргі таңда үшеуі орындалып тұр.

Қалған екеуі Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту бойынша екінші деңгейлі Банктерде қаражат болмауына байланысты кешеуілдеп тұр. Сондай-ақ, «Жол картасының» 34-пунктінде аудан тұрғындарын газбен қамту 94,4% жеткізу көрсеткіші, қазіргі таңда 49,3%-ға орындалып тұр. Себебі, биылғы жоспардағы Амангелді, Көптоғай ауылшаруашылық газ желісі, Қаракөмер, Ақшатау, Шиқұдық, Кемер, Ақкөмер ауылдары газ құбыры кейінгі жылдарға шегерілуіне байланысты бұл межеге жете алмай отырмыз. Фракция отырысының соңында «Жол картасындағы» көрсеткіштерге межелеп қол жеткізу мақсатында жауапты мемлекеттік мекеме басшыларының жауапкершілігі күшейту және Ойыл ауданы бойынша орындалмай қалу тәуекелі жоғары екі көрсеткішті (1-пункт: Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы шеңберінде кәсіпкерлік жобаларды жыл сайын қаржылай қолдау көрсеткіші бойынша 2023 жылға Ойыл ауданына 5 жоба ұсыну. 34-пункт: аудан тұрғындарын газбен қамтуды 2023 жылы 94,4%-ға жеткізу) қатаң бақылауда ұстап, негіздеме ұсынуды міндеттеді.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2023

АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2024 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА

3292,42

66525

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА

4971,92

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА
(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

2812,42

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)



ҚҰАҒЕР

ОСЫ ӨҢІМЕНІҢ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІН АЙТЫП, ҚАҒАЗҒА ТҮСУІНЕ СЕБЕПКЕР БОЛҒАН МАРҚҰМ РАҚЫМЖАН ОТАР-БАЕВ ЕДІ. ТОПЫРАҒЫ ТОРҚА БОЛҒАЙ!.. ӨҢІМЕ



Тұмсығына анасының оттай ыстық демі тигенде барып, бүкіл тұла бойы балбырап сала берді. Ғажап! Бұрын-соңды көріп-білмеген таңғажайып әлем құшағында тербеліп, тағы да біраз жатты. Бір, екі, үш... Бітті. Апыр-ау, осы-ақ па?! Бұған тиесілі рақаттың осымен шектелгені ме? Неге бұлай? Жарық дүниедегі көрер қызығының бәрі әлден тараз-ыға салынып, әлден өстіп өл-шеп-пішілер болса, сол тар құр-сақтың ішінде-ақ жата бергені жөн еді-ау! Ал енді не болды? Өл-гіндей жанға жайлы ыстық лепті жоғалтып алғандығына ызалы. Ол соншалық жан қинайтын да шаруа емес-ті, мойыннан жам-басқа дейін асықпай-аптықпай дымқыл тілімен бір жаалап өтсе несі кетеді? Денедегі жан-жыннан тазартса одан соңғысын көріп алар-дағы. Қайда қашады? Енді ешқайда қаша алмайды!.. Өрине, кәрі қаншықтың ойлау қабілеті кенеттен іске қосылып, төңірегін-дегі толайым тіршілікке басқаша көзқараспен үңілетіндей сезім құшағында жатса әрі мың жерден әулие болса да, әлі көз ашпаған Мына күшіктің тым өзімшілді-гін байқап қалса, «эх, эгойст!» деп шолақ құйрығымен бір періп өтер-ді. Бірақ о сорлының адам аяғандай қазіргі ақуалын кім түсі-не қойсын. Қас қылғанда, өзге жер құрып қалғандай, тура темір жол вокзалының екпе тұсындағы көмір баздың іргесіне келіп күшік-темесі бар ма?! Не айтары бар, діңкелеп осы араның өзіне әзер жеткен. Қабырғасына батпай-тын жайлы төсеніш те іздеп жат-пады. Ойда-жоқта көзінің алды тұманданып, дүние дөңгеленіп бара жатқан соң, алдыңғы екі аяғын ішке бүгіп, бөксесін сызды топыраққа аса сақтықпен төсеп жіберді де жантая кетті. Олай өткен, былай өткен жүрдек пойы-здардың реліс түйгіштеген ауыр доңғалақтар дүрсілін ғана еміс-еміс естиді. Баяғыдай күшіктерді бірінен соң бірін ытқытып жіберіп, ұшып түрегелетіндей қазір күш жоқ. Шаршаған. Бұл тағдырдың қырын қарауын қойсаңшы!.. Кәрі қаншық бөрінен бас кешіп, өзі өмірге әкелген бұрынғы күшік-терімен де ісі болмай, қашан ажал тырнағына іліккенше өстіп күнел-те тұрайыншы деп, темір жол бойындағы осы бір көмір баздың іргесіндегі қалған-құтқанды талға-жу етіп, ілініп-салынып аяғын өзер басып жүрген-ді. Көзінің түбі іріңдеп, бөксесі кирелөңдеп, сәл болмаса құлап қалатындай сүйретіліп кетіп бара жататын сықпатының өзі сүреңсіз-ді. Ал ендеше!.. Оу, мазақ қылғанда төрт аяқты мақұлықты өстіп те мазақ қыла ма екен, а?! Желкесі күжірейген дәу төбетпен кездей-соқ ұшырасты да, басының анық пәлеге қалғандығын бірер ай-дан соң бір-ақ білді... Енді міне, мына шүпірлеген пәлекеттерді елсіз-сусыз жерге ұмыт қалды-

рып, басыңның ауған жағына қарай қайтып тайып тұрарсың? Өкпе-бауыры солқылдап, қанша бір шыбын жанын көзіне көрсетсе де, осы тұрғанда тұмсығын көкке шаншып, армансыз ұлып-ұлып алғысы келді. Бәлкім, өмірге деген лағнетін, ендігі ғұмырының да оңай болмасын, ал әрі-беріден соң дәл қазір демі үзіліп кетсе де өкіне қоймайтындығын, сол көкірегін жарып шыққан жалы-нышты дауысымен айтып сал-маққа бекінген. Бірақ тамағына әлдене кептеліп қалғандай, үні шықпады. Басын оқыс көтеріп алды. Жо-жоқ, өлуге болмайды, онан да жөнге келіп, жан-жағына жітілене қарағаны абзал! Мыналардың қанша күн тар құр-сағын тепкілегендері аздай, қазір-ақ ауыздарын ашып, бірін-бірі басып-жаншып, шандыр емшекке жабысады. Жаныңды көзіңе көр-сетер сын сағаттар әлі алда. Жә-жә, бөрінің реті келер-ау, шандыр емшекке де сүт жиналар. Қойшы, құрысын... Қанталаған жанары жұмылып барып, қайта ашылды. Сілекейін ашқарақтана жұтты. «Обал, обалдағы-ай! Бұлар-дың тумай жатып, көмірдің қара шаңына көмілетіндей не кінәлары бар, а?» Мың жерден діңкеле-се де амалы бар ма. Күн батар, адам аяғы саябырсыр. Оған дей-ін өзі де болар-болмас әл жинар. Мейлі, соңғы күшін жинаса да бір орайын келтірер. Күшіктерін бір-бірлеп, жепкеден тістелеп та-салау, қаға беріс ыңғайлы орынға көшіріп алмаса болмас. Тек соған дейін бір жерде қисайып қалмай, аман-есен демінің жеткенін айт-саңшы!..

XXX Тапқан екен! Анасының ыстық деміне булығып, жатпақ қой ер-теңді күнін кеш қылып. Ұяласта-ры да мазасыз. Әлжуаз сирақта-рымен бірінің қабырғасын бірі мыжғылағанда бар ма, жаның тырнақ ұшына тіреледі. Ал көрі қаншықтың іші-бауыры қабысып, тілі салақтап, көздері кіртііп сол жатқаны жатқан. Бауырына та-ласа-тармаса бас қойған күшік-терінің әрекет-қимылдарына да селт етпейді. Шандыр емшекті түтіп жесе де көңілі баяғыдай. Мұның денесі тоңазыды. Бо-лар-болмас сілкінің, бойын жылытты. Анасына үсті-басым-ды аз жаладың деп өкпелегені де бекер екен. Ол байғұс қай-тыссына жетеді? Бәрі де соның ыстық деміне зәру. Сірә, ендігі жерде әркімнің өз беттерінше тір-лік кешулеріне тура келер. Бұл не? Түсінсе бұйырмасын. Сырт әлемнің дене тітіркендірер мұн-шалық суық екендігін кім білген. Өкпек жел өңменінен өтердей. Мап-майда түптері мақтадай үлбірейді. Кірпіктері бір-біріне желімденіп қалған ба. Алдыңғы сирағына тұмсығын үйкеп-үйкеп, өзер дегенде сығырайтып көзін ашты. Ашты да ілезде жұма қой-ды. Бәли, жарық дүние дегені осы

ма, сонда мұның қызық-шыжығы қай жерінде? Өз еркінен тыс ар-лы-берлі қозғалақтап, сосын түрегелуге қам жасады. Өп, пірім деп, кеудесін жерден болар-бол-мас көтере бергені сол еді, тұм-сығымен топыраққа шаншыла құлады. Басының денесінен ауыр-лығын қайдан сезсін! Бір, екі, үш... Жоқ, манағыдай емес, ептеп беті бері қарады. Шоқиып отыруға да мүмкіндік тапты. Аузын ашып, үздік-создық ауа қармады. Қарны шұрқырап тамақ іздеді. Басқа-дай айла-амалды көріп тұрмаған соң тоңқандап барып, шандыр емшекке қайта жабысты. Бо-лар-болмас бір жылымшы сұйық тамақ жібіткендей-ді. Екі-үш мәр-те сорды, үшіншісінде су татыды. Күні бойы көмір баздың іргесін-дегі қыустан алыс ұзай алмады. Түнімен барлығы анасының бауы-рына тығылысып тыныш ұйықта-ды. Артық қимыл жасауға ешқай-сының құлқы жоқ. Күздің қара суығы сәл бас көтерсең, түтіп жейтіндей. Ал тұмсық түйістіріп, өстіп ұйлығып жатқан сондай ыңғайлы. Іргеліктен шар табақтай болып күн көтерілді. Төңірегін тітіркендіріп тағы бір ауыр состав жүйіткіп өтті. Көмір баздың топса-сы майланбаған темір есігі екі жаққа қарай ойбайын салып, өзер дегенде аңқайып ашылды. Күзет-шісі де бөкене бойлы, шағын де-нелі шатақ шал еді. Шатақ дейтіні таң атпай жатып, дүниенің бәрін тілдеп бітті. Өлденеге ашулы. — Ішін ит жегірдің мүлкі-ай! — деп керзі етігімен темір қақпаны бір тепті,— Өлгіп сабыш Сәдуақас бар тапқанын қатынының қалтасына салудан басқа түк білмейді. Есігі өздігінен ашып-жабылатын елек-тері тетігі бар құлып салуға неге болмасын!..

Сөйтті де бері жақындады. Темекі тұқұлын түкіріп тастады. Сырмақ шалбарының ауын ағыта алмай біраз әуреленді. Үздік-создық тамшдан саз топырақтың беткі қабаты ғана бір бүлк етті. Өлде-нені сілкіп-сілкіп кейін шегіншек-теді. Қаншықтың ыңырсығанын естігенде барып, кілт бұрылды. — Бәли, о береке тапқыр, ішінді бір босатып алған екенсің-ау, сабазым! Мықтысың, мықтысың деймін, нешеуін домалатқансың, шырағым-ау?! — Күс-күс қолда-рын созып, күшіктерді бір-біреп санап шықты. — Бір, екі, үш, төрт... мықтағанда екі-үшеуден асырмас деп жүруші ем. Соңғы күшімді бір байқауын деген екенсің ғой. Ма-ладесі!.. Ізінше күзетшінің үйшігіне жүгірді. Керзі етігінің табаны тиген май топырақ борп-борп. Көп айналмай қайтып келді. Қалайы құтыға құйылған балықтың суық сорпасын көрі қаншықтың аузына тақады: — Бөсе, бөсе-ау, түнімен алақаның өртеніп шығып еді. — Өзін-өзі қинап күлді. Сәл іркіліп барып, сосынғы ойын былайша жосылтты:— Түбі жаман болмас-пын, екеуін қалдырамын... тұқым үшін. Екеуін Төретамдағы көрі-стерге сатамын. А-ха-ха! Тегін дүние қай-да?! Саудаласамыз өріне, сірә, әрқайсысы төрт жүз теңгеден кем болмас. Төрт жүзді екіге көбейтеміз, бә-ли, әлемнің ақшасы ғой, құдай шебер-ау!.. Соның артынша көмір тиеуге кел-ген дәу машина салдыр-гүлдір етіп қақпаға жақындады: — Жәке, Жалмұрат көке, қайда-сыз?! — Осында, осында!.. Артың жыр-тылғанша сонша айқайлағаның не, түге?! — Өлдекім көріп қалма-сын дегендей, күшіктердің үстін қамыспен қалқалап, жауып кетті. — Ал, көне... дәбернесің қайда? Мөрі, айы-күні дұрыс па? Қанша тонна?! — Бес. — Бопты. Қайтар кезде қол қойды-рып ал, міндетті түрде. — Қазір-ақ қойып берсеңізші! — деп жалынды дударбас жігіт,— бүгін не болған сізге?.. Бір түрлісіз... — Не болушы еді, төртпін... десе-плена, ал көне, шагом шарш!

Сол, сол-ақ екен, көмір баз-дың төңірегі қапелімде азан-қа-зан айқай-шуға толды да кетті. Жылымшылау балық сорпасынан кейін қаншық байғұс болар-бол-мас жан шақырды. Аяғына мініп, төңірегіне назар жықты. Тұм-сығын көтеріп, төңіректен тыныс тартты. «Өлгі жаман шалдың дәмесін қарай гөр! Тапқан екен майшеппекті!» — Атылып төбе басына көтерілді. Одан төмен құлдилады. Олай-былай төңіректі кезгіледі. Жаны тырнақ ұшында. Күзетші енді бір сағаттан соң ке-зекшілігін ауыстырады. Қайтар жолда дорбасының түбіне бір-екі күшікті тастай салса, несі кетеді. «Иә, пірім! Қуатыңды аяма!» — Қаншықтың қос бүйірі солқ-солқ. Асығыс келді де бір күшікті желке-ден тістелеп, көз леспес жылдам-дықпен ілді де әкетті. Екіншісін де солай істеді. Мұның кезегі үшін-шісінде келді. Қызық, төрт аяғы салақтап жерден біртіндеп кө-теріле берді, көтеріле берді. Бей-не ұшып бара жатқандай. Еш жері ауырмайды. Төңірек ғана шыр ай-налады.

XXX Кештің қалай батқандығын аңармады. Шандыр емшекке жиналған болмашы сүтті жапа-тармағай жабылып, барлығы теңдей бөліскен. Анасы да рақат сезім құшағында. Енді не істей-ді, қолынан келгенді аяған жоқ. Бұйырған несібені бұлардың ауы-здарынан жырып қалмас. Бой-ындағы бары осылардыкі. Күні бойы нәр сызбағандікі ме, әлде әлсіздіктің белгісі ме, ауыздары аққа тиісімен күшіктердің көздері-не ұйқы тығылды. Солай боларын сөзген. Манадан бері бұларды бауырына басып, аяқ суытатын-дай мүмкіндігі болды ма. Сүрнігіп жүріп жаңа қонысқа өзер «көшіп алды». Қалай дегенде де көмір баздың іргесі аса қауіпті. Өлден ақшаға құныққан күзетші шалың анау, оған тағы бірлер қосылса... тұқымын тұздай құртар. Үлкен қалаға жылу беретін мына үлкен тұрбаның іргесі жылы, ұядай. Апыр-ай, екіаяқтылардан құты-ла алсашы! Әдейі андый ма, әлде кездейсоқтық па, түн жары-мында тағы да құбірлескен екеу мұнан басқа барар жер, басар тауы құрып қалғандай қауқыл-дасып келіп, бұлар жатқан үлкен тұрбаның үстіне жалп етіп оты-ра кетті. Еңгезердей екі көлеңке алғашқыда бір-бірінен алшақтап отырған секілді еді, қазір бір де-неге айналған. Күледі, құбірле-седі, сүйіседі. Ал қаншық үшін мұның титімдей жаңалығы жоқ-ты. Еріккендерден не сұрайсың. Іштері толып, екі қолдарын ал-дарына сыйғыза алмаған соң, уақыт өткізудің амалына көшеді. Темір жол вокзалындағы мей-ірамханаға кіріп, өздерінше шер тарқатысады. Шарап ішеді. Ми солқылдатар желікпе музыка-пын, ырғағымен тыртың-тыртың билейді. Бұған шыдамағандары жүгіріп сыртқа шығады. Серуен-дейді, жұптасап жүрген жақсы ғой қашанда. Мыналар да солардың сортынан. Аздап сырласып, көңіл көтерген соң жөндеріне кетер. Көмір тұрбаны көтеріп еке де ал-майды берібір. Соған шыдамай бір күшіктің шошаң етіп, бас көте-ре қалғаны. Кәрі қаншықтың ызас-ы келді: «үніңді шығарма нәлет жауғыр, әйтпесе, өзім-ақ буынды-ра саламын!» деп ырылдады. — Ақмоншақ, шыныңды айтшы, міне түн жамылып отырмыз ғой, мені шын сүйемісің?! Қыз қылымсыды: — Сенің-ақ ашық ауыздығыңнан діңкеледім ше! Ылғи сұрайсың. «Сүйесің бе, сүй-мейсің бе?» Сүймесем, саған еріп шығам ба?! — Кешір, кешірші, күнім! — Жігіт-тің үні құмығып естіледі. — Енді мұнан бұлай сұрамаймын. — Арманда кетерсің, тағы нені біл-гің келеді?

(Басы. Жалғасы келесі санда) adebiportal.kz

ҚЫЗЫЛШАДАН ЕКПЕ ҒАНА ҚОРҒАЙДЫ!



Ел аумағында қызылша жұқты-рған балалардың саны күрт арту-да. Эпидемиологиялық ахуалдың бұлай ұшығуы бұл дертке қарсы жаппай иммундауды қажет етіп отыр. Ауру жұқтырып жатқандар-дың дені – дер кезінде екпе ал-мағандар. Қызылша ауруы ауа тамшыла-ры арқылы тез тарайтын дерт. Өсіресе ауырған адам жөтелген-де, түшкіргенде айналасына ви-рустар бөледі. Аудан аумағында сырқаттанған балалардың 25%-ы медициналық қарсы көрсетілім, 25%-ы егу жасына жетпеген ба-лалар арасынан. Қызылша дерті пневмония, түрлі қабынулар, отит, соқырлыққа дей-ін қауіпті асқынуларға әкелуі мүм-кін. Бүгінгі күні қызылшаны емде-удің өзіне тән емі жоқ, сондықтан мұндай қауіпті инфекциядан сақтанудың жалғыз жолы - тек вакцинациялау. Қызылшаға қар-сы профилактикалық егу күнтіз-бесіне сәйкес елімізде балаларға

екі рет, атап айтқанда 12-15 ай-лығында, 6 жаста жасалады. Ағымды жылы қосымша вакцина-циялау халықтың мына топтары-на жүргізіледі, 6-айдан бастап 10 ай 29 күн толған балаларға, 2-4 жас 11 ай 29 күн толған балаларға сонымен қатар бұрын екпе ал-маған медицина қызметкерлеріне (55 жасқа дейін) профилактика-лық екпе алмаған 18 жасқа дейін-гі адамдарға жүргізіледі. Халық арасында қызылша-ның таралуының алдын алу және елдегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақса-тында «Қызылшаға қарсы са-нитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы» Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-герінің 2023 жылғы 1-қараша-дағы №7 қаулысы шығарылды. Осы қаулыға сәйкес 6 қарашадан бастап қызылшаға, қызамыққа, паротитке қарсы егу мәртебесіне қарамастан қосымша жаппай им-мундау басталды.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

«ОЙЛАУДАНЫНДАҒЫ ДАРЫН КҮНДЕРІ»

Өткен аптада Ақтөбе облысы білім басқармасының қолда-уымен «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚБ-БО-ның ұйымдастыруымен «Ау-дандардағы Дарын күндері» жобасы Ойыл қазақ орта мек-тебінің базасында өтті. «Аудандардағы Дарын күндері» жобасына ауыл мектеп дирек-торларының оқу ісі жөніндегі орынбасары, психолог, мектеп әдіскері, дарынды балалармен жұмыс жасайтын мектеп коорди-наторлары, жаратылыстану-ма-тематика бағытындағы пәндердің (физика, математика, информа-тика, химия, биология, геогра-фия) мұғалімдері қатысты.

Жоба барысында мектеп оқушы-лары арасында ғылыми жоба-ларды ұйымдастыру, жаратылы-стану-математикалық бағыт бойынша оқушыларды олим-пиадаға дайындау мақсатында «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО-ның мамандары мен Қ.Жұбанов атын-дағы Ақтөбе өңірлік универси-теті, «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі, облыстық ғылыми-зерт-теу лабораториясы, М.Құсайы-нов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-ин-тернатының тәжірибелі аға оқы-тушылары мен ұстаздары ше-бер-сағаттарын өткізді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА БАСТАЛДЫ



Кеше Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Бейсемба-ев Ғани Бектайұлының тікелей тапсырмасы бойынша, еліміз-де ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарындылығы мен қабілеттерін анықтау және қолдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау, неғұрлым академиялық қа-білетті оқушыларды іріктеу, олар-дың зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануы мақсатында тұңғыш рет ауыл мектептерінің оқушы-ларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша респу-

бликалық олимпиада басталды. Елімізде алғаш рет өткізілетін олимпиадаға аудан бойынша 20 білім беру ұйымынан жоғары сы-ныппатрдан 345 оқушы қатысқалы отыр. Барлық білім беру ұйымдарында олимпиаданың ашылу салтана-ты өткізілді. Ауыл олимпиадасы-ның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары, аудандық білім бөлімінің өкілдері, жергілікті сәло әкімдері қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларға сәттілік тіледі.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ТӨЛ ТЕНГЕМІЗГЕ 30 ЖЫЛ!

15 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ – ТЕҢГЕНІҢ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗІЛГЕН КҮНІ. ОСЫ КҮН ЕЛІМІЗДЕ СОНЫМЕН ҚАТАР, ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІҢ КӨСІБИ МЕРЕКЕСІ РЕТІНДЕ ДЕ АТАЛЫП ӨТІЛЕДІ. АЛ, ОСЫДАН ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ТАРИХҚА КӨЗ ЖІБЕРСЕК, 1993 ЖЫЛЫ 12 ҚАРАШАДА ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҚР-Ы ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫ ШЫҚТЫ, АЛ, 15 ҚАРАША КҮНІ ТЕҢГЕ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗІЛДІ.



Кешегі КСРО-ға мүше елдер ішінде Қазақстан ең соңғы болып рубльдік зонадан шығарылды. Қазақстан алдында ол кезде жаңа валютаға өтудің екі жолы тұрды. Бірі, басқа да одақтас елдердің тәжірибесіндегідей, екі кезенді қамтитын реформа еді. Ол бойынша алдымен уақытша ақша бірлігі айналымға енгізіліп, кейін тұрақты валютаға көшу керек болды. Қазақстан бұл жолдан бірден бас тартты. Сөйтіп, 1992

жылы бірден жаңа Ұлттық валютаны енгізу туралы шешім қабылданды. Төл теңгеміздің туған күнін аудан қаржыгерлері де салтанатты түрде атап өтті. Мерекеде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқаны үшін бірқатар қызметкерлер марапатталып, құрметке ие болды. Аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов осы салада ұзақ жылдар еңбек етіп, тынымсыз

тер төккен қаржыгерлердің қуанышына ортақтасып, ізгі лебізін арнады. «Төл теңгеміз – ел егемендігінің символы. Айналымға енгеніне 30 жыл толып отырған ұлттық валютамыз – ұлтымыздың мақтанышы. Қаржыгерлердің қатысуынсыз бүгінде бірде-бір ұжымды, ұйымды елестете алмаймыз. Бұрын қол жеткізген жетістіктер мен алда тұрған міндеттеріңізді абыроймен

атқарып, аудан экономикасының дамуына өз үлестеріңізді қоса беріңіздер», - деп аудан әкімінің орынбасары бір топ қызметкерге облыс әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусинованың және аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың алғыс хаттарын тапсырды. Салтанатты сәтте сала ардагерлері қызығынан қиындығы басым мамандықты меңгерген әріптестерін құттықтаса, мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты.

Р. С. 15 қараша – Ұлттық валюта күні. Мемлекеттігіміздің мәртебесі тағы бір дәлелденіп, абыройымыздың асқақтай түскеніне биыл 30 жыл. Бұл датаның мемлекет басшысының Жарлығымен қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілуі әр қаржыгердің мәртебесін асқақтатып, атқарып жүрген қызметі мен міндетінің маңыздылығын арттырды.

Отыз жыл ішінде теңгеміз түрленіп, банкнот бейнесі бірнеше рет өзгерді. Өл-Фараби, Сүйінбай, Шоқан, Құрманғазы, Абай сынды бабаларымыз бейнеленген банкноттар кезінде дизайнымен өлем елдерін тамсандырып, бүгінде тарихқа айналды. Осы уақыт аралығында ұлттық валютамыздың сырт көлбеті ғана өзгеріп қойған жоқ, нарық заңдылығы теңгемізді талай теңсепті. Соған қарамастан, қазақ ақшасы құнын сақтап, өлімен бірге жасасып келеді.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА КӨПТОҒАЙДА ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА АШЫЛДЫ

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ЖАСТАРДЫҢ АУЫЛДА ОТЫРЫП ТА ОЙЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ. МӨСЕЛЕН, БІР ҒАНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ СҮТ ӨНІМДЕРІН ӨНДЕУ, ҚҰС ӨСІРУ, ҚЫЗ ЖАСАУЫ, ЖАРТЫЛАЙ ФАБРИКАТТАР ДАЙЫНДАУ СЕКІЛДІ КӘСІП ТҮРЛЕРІН ҚОЛҒА АЛҒАН ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ.



Солардың бірі өзінің сүйікті ісін ашқан жас кәсіпкер, түйсігі тың идеяларға толы азамат - Нұржан Нысанбаев. "Адам дәрігері адамдарды емдейді, ал мал дәрігері түрлі адамзаттың емшісі" дейді дана халқымыз. «Малым – жанымның садағасы» дейтін аталарымыз аман-саулықты да малдың амандығынан бастауы да осыдан шығар...

Өзінің мамандығы сол болған соң да малдың саулығына бірінші мен беретін Нұржан Нысанбаев жуырда ауылынан мал дәрігерлік дәріхана ашты. Аталмыш дәріханадан ит пен мысықтан бастап, барлық малға қажетті дәрілер мен қажетті дәрумендер, тіпті әр түрлі мал ауруларына қарсы қолданылатын екпелерді де ауылға әкеліп қойыпты. Ветеринариялық дәріхананы ашу үшін Нұржан "Ақтөбе" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы "Ауыл аманаты" жобасы

аясында өзінің бизнес жобасын арнайы комиссияға тапсырған еді. Комиссияның оң шешімін алған ол нәтижесінде 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алды. Өзінің ойға алған ісін жүзеге асыру үшін ұсынылған кепілдігінің көлеміне сәйкес, 3 400 000 мың теңге қаржыға дәріханаға, әсіресе дәрілерді сақтауға қажетті жабдықтар сатып алды. Осыған дейін Ойылға шапқылап, болмаса Ақтөбеден арнайы алдыратын дәрі мен түрлі аурулардың алдын алуға қолданылатын екпелер енді жергілікті дәріханадан қолжетімді бағамен тұр. Ұтымды жобалар арқылы кәсіп көзін ашқан жігітке жерлестері ризашылығын білдірсе, Нұржанның өзі ойын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызған мемлекеттік қолдауға дән риза.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АПАҚДА СҮЙІКТІ СПОРТЫНАН ҚОЛ ҮЗБЕГЕН АРДАГЕРЛЕР

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА ӨТТІ. СПАРТАКИАДА ВОЛЕЙБОЛ, ШАҒЫН ФУТБОЛ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ, ШАХМАТ, ДОЙБЫ, ҮСТЕЛ ТЕННИСІ СИЯҚТЫ 6 СПОРТ ТҮРІ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту, спортшылардың спортқа деген қызығушылығын, достық қарым-қатынастарын нығайтуға, облыстық ардагерлер спартакиадасына іріктеуді мақсат тұтқан жарысқа 5 команда қатысты. Яғни, Ойыл, Қараой, Көптоғай, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ бір-бір команда шығарса, Саралжын мен Қайыңды ауылдық округтері бір команда жасақтап қосты. Шалт қимылмен шапшаңдықты қажет ететін үстел тенниісінен биыл да Белял Галиакбаровқа тең келер шебер табылмаса, Ш.Ертілеуов пен Ө.Қабекешов қалған екі жүлдеге ие болды.

Әйелдер арасында тағы да Р.Құлмамбетова қарсыластарының барлығын қалы қалдырды. Көптоғайлық А.Таңатарова мен қараойлық Г.Жарбакиева да өз шеберліктерінің арқасында екінші-үшінші жүлделерді бөлісті.

Ал, қазақтың ұлттық спорты тоғызқұмалақтан ерлер арасында жинаған ұпайына сәйкес үшінші орын берсиевтік С.Ибрашевқа бұйырса, екінші орын қайыңдылық Б.Шуақовтың қанжығасында кетті. Бас жүлде Ө.Қабекешовтің еншісіне түді. Әйелдер арасында додода ойылдық А.Жаймағанбетова бас жүлдеге қол соза, Н.Сапиева мен Н.Сәндіғалиевалар да ойылардың ойынында екі жүлденің егесі болды. Шахматтың шаршы тақтасында шеберліктерін сынаған ағалардың арасында ойылдық М.Тлеубаев үшінші орынды місе тұтса, қараойлық Е.Көпбаев екінші орынды еншіледі. Бас жүлде тағы да Ө.Қабекешовтің қанжығасында кетті. Ал, әйелдер арасында Н.Сапиева мен Г.Жарбакиева екі жүлдені еншілесе, I орын Н.Таушановаға бұйырды. Дойбы жарысында ерлер арасында III орын Н.Әлиевке бұйырса, II орынға Қ.Дәулетқалиев қол созды, бас жүлде Е.Көпбаевпен Қараойға кетті. Әйелдер арасындағы сайыста А.Жаймағанбетова бұл жолы қола жүлдені қанағат тұтса, Г.Жарбакиева екінші орынға ие болды. Бас жүлдені А.Таңатарова жеңіп алды. Тартысты ойынның «көкесі» ойылдықтардың оң жамбасына келетін волейболдан өтті. Алды алпыс түгелі жетпістің үстіне шыққан ардагер спортшылар әлі де «сүйекке сіңген» спортты серік етіп жүргенін көрсетті. Нәтижесінде III орын Саралжын мен Қайыңдының бірлескен командасына бұйырса, II орынды Ш.Берсиев командасы иеленді. Бас жүлде бұрынғыдай Ойыл командасында қалды. Шағын футболдан да ойылдықтарға тең келер қарсылас табылмады. Ш.Берсиев пен Қараой командасы жарыстың екі жүлдесін бөлісті. Жарыс соңында аудандық спартакиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтап, марапаттады. Ал, жеңімпаздар облыстық спартакиадада Ойыл ауданының намысын қорғау мүмкіндігіне ие болды.

Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «АМАНАТ 111» БІРІҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

♥ ЕГЕР СЕНІ ҰРЫП-СОҚСА

♥ ЕГЕР САҒАН КӨМЕК КЕРЕК БОЛСА

♥ ЕГЕР СЕНІ БІРЕУ ҚОРҚЫТСА НЕМЕСЕ РЕНЖІТСЕ

♥ ЕГЕР ӨЗІҢЕ НЕМЕСЕ ДОСЫҢА ҚАҰІП ТӨНІП ТҰРСА

111 нөміріне хабарлас

Қоңырау шалу арқылы өзіңнің немесе жақындарыңның өмірін сақтап қаласың!

Қоңырау шалу тегін!

Сіз өмірлік қиын жағдайдағы отбасын білсеңіз

Сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері белгілі болса

Балаларға қауіп төндіретін нысандарды көрсесіз

111 нөміріне хабарласыңыз

ЕДИНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КОНТАКТ-ЦЕНТР «111 АМАНАТ» по вопросам семьи, женщин и защиты прав детей

Позвони на 111

♥ ЕСЛИ ТЕБЯ БЬЮТ

♥ ЕСЛИ ТЕБЕ НУЖНА ПОМОЩЬ

♥ ЕСЛИ ТЕБЯ ПУГАЮТ И ОБИЖАЮТ

♥ ЕСЛИ ТЫ ИЛИ ТВОЙ ДРУГ В ОПАСНОСТИ

Сделав звонок, ты можешь спасти себя и своих близких!

Звонок бесплатный!

Если вы видите семью в трудной жизненной ситуации

Если вам стало известно о фактах семейно-бытового насилия

Если вы видите объекты, представляющие опасность для детей

Позвоните на 111

“ЖАС КЕЛСЕ, ІСКЕ!”



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жас келсе, іске!» атты 2022-2023 жылы жұмысқа орналасқан жас мамандар мен жастар арналған еркін форматта пікір алмасу мақсатында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен аудандық мәслихат депутаттары Сәндібек Нұрбаев, Жангүл Ізгариналар қатысты. Алдымен аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданда жас мамандарды тұрақтандыру мақсатында мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдіктер туралы айтса, салалық бөлім басшылары өз салаларына қатысты жастар тарапынан қойылған нақты сұрақтарға жауап берді. Жастарды сергіту мақсатында аудандық орталық аурухананың психологы Айгүл Маратқызы тренинг ұйымдастырды. Кездесуде жастар арасындағы зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатындағы өзекті мәселелер, атап айтсақ, құқық бұзушылықтың алдын алу, жастар арасындағы қылмысты болдырмау, нашақор-

лықтың алдын алу, ішімдіктің алдын алу, шылым шегуге жол бермеу, жол қауіпсіздігі, электрондық темекіге қарсы, теріс діни ағымның жетегіне ермеу туралы түсініктер беріліп, аудан жастары салауатты өмір салтын ұстануға, еріктілер қатарына қосылуға, мәдени-қоғамдық шараларға белсенді қатысуға шақырды. Кездесуге қатысқан жастар өз ойларын ортаға салып, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі, жас ұстаздарға жеңілдіктер, тұрақты жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу жеңілдіктері туралы сұрақтарды үздіксіз қойып, «Дипломмен - ауылға!» бағдарламасына қатысуға ниетті екендерін жеткізді. Аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Бақытжанқызы 2023 жыл қорытындысы бойынша Республикалық, облыстық байқауларда аудан жастарын бақтарына сынауға шақырды. Кездесу соңында орталықтың алдағы жылға арналған жоспарына енгізу мақсатында, жастардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға бағытталған іс-шараларды анықтау үшін сауалнама жүргізілді.